



SMART CAMPUS: БІЛІМ, ТӘЛІМГЕРЛІК ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ ТОҒЫСҚАН ЭКОЖҮЙЕ

Баяндамашы:
Кайыржанова Еркежан Ержановна
директордың ОЖ жөніндегі
орынбасары



«ІТ ЖӘНЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖОҒАРЫ КОЛЛЕДЖІ» КМҚК



ҚАУІПСІЗДІК



БЕЙІМДЕЛУ




SMART және
ЭКОЛОГИЯ

info@collegeit.edu.kz
www.collegeit.edu.kz
8 (7222) 36-05-07

3D тур

Қазақстан. Абай облысы. Семей қаласы, Затаевич
көшесі 4



SMART CAMPUS – ЫҢҒАЙЛЫ ЖӘНЕ ҚОЛЖЕТІМДІ ОРТАҒА АРНАЛҒАН ТЕХНОЛОГИЯЛАР



Жарықтандыру:

Жарықты автоматты қосу және сөндіру жүйесі.

Оқу мен қозғалысқа қолайлы жағдайларды қамтамасыз етеді.



Климат: Жылыту және салқындату жүйесін басқару.

Өнімді жұмыс пен жайлылықты қамтамасыз ету үшін қолайлы микроклиматты сақтайды.



Кіру жүйесі: Ғимаратқа кіру жүйесін автоматтандыру. Барлық санаттағы азаматтар үшін қауіпсіздік пен ыңғайлы қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

SMART Campus



Практика және кәсіпкерлік: IT-идеяларды нақты өнімдер мен стартаптарға айналдыруға мүмкіндік беретін кеңістік

SMART Campus –

бұл технологиялар әрбір адам үшін жайлылыққа, қауіпсіздікке және инклюзивті білімге қызмет ететін іргетас.

КОЛЛЕДЖДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОРТАСЫ

АҚЫЛДЫ ГАРДЕРОБ

Ақылды гардероб – бұл бетті тану технологиясын қолданатын сырт киімді сақтауды автоматтандырудың инновациялық шешімі. Жоба студенттер мен қызметкерлерге өз идеяларын жүзеге асыруға көмектесетін біздің колледждің FabLab жұмысының бөлігі ретінде орындалды. Біздің қызметкерлер мен студенттер гардеробты жоспарлаудан бастап бағдарламалауға дейінгі барлық кезеңдерді өз бетінше жүзеге асырды. Бұл біздің колледждің біліктілігі мен кәсіби деңгейін тегірек көрсетеді.



ШИКІЗАТТЫ БӨЛЕК СҰРЫПТАУҒА АРНАЛҒАН ДАУЫС АРҚЫЛЫ БАСҚАРЫЛАТЫН КОНТЕЙНЕРЛЕР

Біз шикізатты сұрыптауға арналған дайын контейнерлерге дауыс арқылы басқару функциясын енгіздік.

Басқару дауыс көмекшісі арқылы жүзеге асады, ол контейнер қапқатарын ашу және жабу процесін бақылайды.

Контейнерлерге «Көмекші» сөзі арқылы жүгінуге болады. Бірінші контейнер «Пластик» сөзіне, екінші — «Қағаз» сөзіне, үшінші — «Қауап» сөзіне сәйкес келеді.



КОЛЛЕДЖДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОРТАСЫ

SMART-КІТАПХАНА

Smart-кітапхана — бұл ең алдымен автоматтандырылған кітап сақтау жүйесі, ол шағын аумақта дәстүрлі кітапханаға қарағанда әлдеқайда көп кітапты орналастыруға мүмкіндік береді. Ыңғайлы сақтау мүмкіндігінен бөлек, Smart-кітапхана — жасанды интеллектіні қолданатын заманауи бағдарламалық қамтылым. Ол келесілерді қамтамасыз етеді:

- ✓ электрондық кітаптардың цифрлық мұрағатын жасау;
- ✓ қордағы қажетті әдебиеттерді жылдам әрі дәл іздеу;
- ✓ оқырман картасын талдау негізінде жеке ұсыныстар беру.

Жасанды интеллект оқылған кітаптарды талдап, оқырманның дамуына пайдалы әрі қызықты болатын жаңа басылымдарды ұсынады. Осылайша, Smart-кітапхана физикалық және цифрлық ресурстармен бірігіп, бірігіп көп жеткізуді, барынша жылдам, ыңғайлы етеді.



ЭМОЦИЯЛАРДЫ АНЫҚТАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Бет-әлпетті ғана емес, адамның эмоционалдық жағдайын (қуаныш, қайғы, уайым, жайсыздық) анықтай алатын компьютерлік көру технологиясы бар.

Бұл бағдарлама адамның эмоционалдық күйін талдап, стрестік жағдайдағы студенттерді (буллинг, отбасылық мәселелер, көңілсіз махаббат) анықтайды да, ақпаратты колледждің психологиялық қызметіне жібереді.

Сонымен қатар, бұл өз-өзіне қол жұмсаудың алдын алады.




КОЛЛЕДЖДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОРТАСЫ

«AISHA» ДАУЫС КӨМЕКШІСІ

«**AISHA**» дауыс көмекшісі ІТ жобасы жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдаланады.

Дауыс көмекшінің негізгі мақсаты — пайдаланушы мен компьютер арасындағы өзара әрекетті қамтамасыз ету. Компьютермен өзара әрекетті жеңілдету үшін мұндай көмекшілер ерекше білім беру қажеттіліктері бар көптеген студенттерге қажет. Бұл көмекші психикалық бұзылыстары бар студенттер үшін тамаша құрал болып табылады, ол ұмытылған оқу материалдарына жеңіл қолжетімділікті қамтамасыз



BILGISH AI

«**Bilgish AI**» — оқытушының интеллектуалды көмекшісі — оқу үдерісінде оқытушыны қолдауға арналған жергілікті жасанды интеллект жүйесі. Көмекші Raspberry Pi платформасында жұмыс істейді және сөйлеуді тану, табиғи тілді талдау және жауаптарды генерациялау технологияларын қолданады. Жүйе оқытушыға дауыс командалары арқылы сабақты басқаруға, анықтамалық және оқу ақпаратын жедел алуға, күнделікті қайталанатын әрекеттерді автоматтандыруға және аудиториядағы цифрлық жабдықтармен өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді.



Бұлттық сервистерді қолданбай автономды жұмыс істеуі деректердің қауіпсіздігін және жүйенің тұрақты жұмысын қамтамасыз етеді. Жоба білім беру саласында практикалық қолдануға және студенттерді жасанды интеллект технологияларына оқытуға



КОЛЛЕДЖДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОРТАСЫ

ПАЦИЕНТТЕРДІҢ ЖАҒДАЙЫН ҚАШЫҚТАН БАҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ СМАРТ-БІЛЕЗІК

Смарт-білезік прототипі — бұл жасанды интеллекті бар киілетін құрылғы, ол:

- ✓ Датчиктерден деректер жинайды (пульс, температура, оттегінің деңгейі, белсенділік);
- ✓ Жасанды интеллект алгоритмдері арқылы ақпаратты нақты уақыт режимінде талдайды;
- ✓ Пациенттің жағдайында критикалық өзгерістер туралы ескертеді (мысалы, жоғары қан қысымы, кенеттен қан қысымының төмендеуі немесе жүрек қызметіндегі аномалиялар);
- ✓ Мобильді қосымшалармен интеграцияланады.

Қазіргі уақытта онлайн режимде деректер алу бойынша жұмыс жүргізілуде.



AI КӘСІБИ БАҒДАРЛАУШЫ (ПРОФОРИЕНТАТОР) ПЛАТФОРМАСЫ

Аталған жоба — жасанды интеллектке негізделген заманауи кәсіби бағдарлау платформасы. Мектеп оқушыларының қызығушылықтары мен қабілеттерін талдау арқылы еңбек нарығына сай мамандықтар мен колледждердің білім беру бағыттары бойынша жеке ұсынымдар қалыптастырады.

AI кәсіби бағдарлаушы (профориентатор) қосымшасын пайдаланудың негізгі артықшылықтары:

- ✓ 9 және 11-сынып оқушыларының кәсіби бағдарлану сапасын арттыру;
- ✓ болашақ мамандық таңдаудағы қателіктерді азайту;
- ✓ білім беру ұйымдары әкімшілігі үшін цифрлық аналитикалық деректерді қалыптастыру;
- ✓ білім беру ұйымдарының заманауи, инновациялық имиджін нығайту.



IT ЖӘНЕ ЖАҢА
ТЕХНОЛОГИЯЛАР
ЖОҒАРЫ КОЛЛЕДЖІ

Сіздің деректеріңіз

Толық аты-жөні (міндетті емес)

Толық атыңызды енгізіңіз

Мектеп

Мектеп атын таңдаңыз

Сынып

Сыныпты таңдаңыз

Жауаптарды жіберу

КОЛЛЕДЖДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОРТАСЫ



2025 жылы колледждің барлық инновациялық қызметінің нәтижесі Ақтау қаласында өткен TurkicSkills халықаралық чемпионатында марапатталды. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының үздік колледждері анықталды. Нәтижесінде колледж Жылдың жұмысшы мамандықтары аясында **«СТАРТАПТАР МЕН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР ОРТАЛЫҒЫ»** номинациясы бойынша жоғары марапатқа ие болды.

2026 жылы колледжде инновациялық жобаларды жалғастыру және жаңа жобаларды іске асыру бойынша жоспарлы жұмыстар жүргізілуде. Сол жобалардың бірі ретінде Модульаралық аттестациялық жобаны жүзеге асыру жоспарланып отыр, ол командалық түрде виртуалды дәнекерлеу бағдарламалық-жабдықтық кешенін әзірлеуге бағытталған. Бұл жобада бағдарламашылар бағдарламаны жасап, байланыс инженерлері оптикалық талшықты дәнекерлеу алгоритмін анықтайды. Жоба FabLab зертханасында және бизнес-инкубаторда іске асырылады, студенттерге практикалық дағдылар мен кәсіпкерлік тәжірибе алуға мүмкіндік береді.



IT ЖӘНЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖОҒАРЫ КОЛЛЕДЖІ

